


ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖ
ЭТНОПЕДАГОГИЧЕСКИЙ КОЛЛЕДЖ



Ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен мемлекет және
қоғам қайреткери, этнограф, тарихшы-ғалым,
Өзбекәлі Жәнібектің 85 жылдығына арналған
«Кәсіби маман дайындауда халықтық педагогиканы
инновациялық технологиялармен
байланыстырудағы өзектілік»атты республикалық
ғылыми конференция
МАТЕРИАЛДАРЫ
МАТЕРИАЛЫ

Республиканской научно-практической конференции
посвященной 25 летию Независимости Республики
Казахстана и к 85 летию государственного и
общественного деятеля Узбекали Жанибека



Түркістан-2016 ж.

МАЗМҰНЫ

КӨРНЕКТІ МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ, ҒАЛЫМ-ЭТНОЛОГ ӘЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕКТІҚ ТУҒАНЫНА 85-ЖЫЛ

Айтаханов Е.К.- ҚҰТТЫҚТАУ.....	3
Нұсқабайұлы Ж-ҚАЙЫРЛАСУ.....	4
Назаров Н.-ӘЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ ТҮРКІСТАН.....	7
Жантемір қажы Алимов-ТҮРКІСТАНФА ЕҢБЕГІ СІҢГЕН АЗАМАТ	11
Ергөбек Қ.С.—ӨЛМЕС ИСІ ӨНЕГЕ.....	14
Адырбек Б.С.-«НАУРЫЗ» МЕРЕКЕСІН ХАЛЬҚҚА ҚАЙТА ҚАУЫШТЫРУДАҒЫ ЖӘНЕ ЖЕЛТОҚСАН ОҚИҒАСЫНА ТАРИХИ БАҒА БЕРУДЕГІ Ө.ЖӘНІБЕКТІҚ РӨЛІ.....	19
Қасымов М.Ә.-ҚАЗАҚТЫҚ БІРТУАР АСЫЛ ПЕРЗЕНТІ	28
Сыпатайқызы З.-ӘЗБЕКӘЛІ ЖӘНЕ МУЗЕЙ МҰРАЛАРЫ.....	31
Күзембайұлы А.-ӘЗБЕКӘЛІ ЖӘНІБЕК-ТАРИХ ҚАМҚОРШЫСЫ.....	36
Ілиясқызы Р.-РУХАНИ АҒА.....	39
Елтебаева Г.-ТАҒЫЛЫМДЫ ҒҮМЫР.....	46
Жораева Г.Т.-ВКЛАД УЗБЕКАЛИ ДЖАНИБЕКА В ВОЗРОЖДЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИДЕОЛОГИИ КАЗАХСТАНА.....	48
Серім А.А.-ЖЕКЕ ТҮЛІФА ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ Ө.ЖӘНІБЕК ЕҢБЕКТЕРІНІҢ МАҢЫЗЫ.....	53
Мұңсызбаева Г.-Ө.ЖӘНІБЕК-ҰЛТ ҰСТАЗЫ.....	58
Касенова Р.-ӘЗ-АҒАҢ НЕГІЗІН ҚАЛАҒАН МҰРАЖАЙ.....	63
Данияров Б.-Ө.ЖӘНІБЕК ЖӘНЕ МҰРАЖАЙ.....	70
Байжігіт Ф.Б.-Ө.ЖӘНІБЕК МУЗЕЙ ИСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУШЫ.....	73

ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ МЕН ТӘРБИЕ-ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҒЫМЫЗ СЕКЦИЯСЫ

Ералин Қ., Есеналиева Д.-КӨШПЕЛІ БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ КӨРМЕСІ.....	77
Жұмашова А.А.-КӨЗ ҚОНДЫРЫЛҒАН ЗЕРГЕРЛІК БҰЙЫМДАР.....	79
Ахмет М.А.-ҚАЗАҚТЫҚ-ШИ ОРАУ ӨНЕРІ.....	85
Үрсымбет Н.-ҚАЗАҚ ҚАСТЕРЛЕГЕН ҚАМШЫ.....	89
Маябасова Г.Ж.-САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНА-ТҰСАУ КЕСЕР.....	93
Байболов Б.-БІР ЖӘДІГЕР-БІР ТАРИХ.....	96
Кемелова Қ.Ш.-ЗЕРГЕРЛІК-БІЛЕККЕ САЛАТЫН ӘШЕКЕЙ АТАУЛАРЫ.....	101
Сағынтаев Б.Ж.-ТОРҒАЙ АҚЫНДЫҚ МЕКТЕБІ ӘКІЛДЕРІНІҢ ҒАРМАШЫЛЫҒЫНДАҒЫ 1916 ЖЫЛҒЫ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ ҚӨТЕРІЛІС.....	107
Қайықбаева А.-ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНДАҒЫ РУХАНИ АДАМГЕРШЛІК ТӘРБИЕ.....	116
Есмырза Ұ.А.-ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ТӨРІНДЕГІ ТӨСЕК АҒАШ ЖАЙЛЫ.....	120
Нұрланбекова Р.Б., Жарылқасын Р.-КӨШПЕЛІ ҚАЗАҚ ӨРКЕНИЕТІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ТАРИХЫ.....	124

жауырынына ти» деп сертпен өрген. Кейбір өрімшілер әдетте өрімнің ұзындығын қамшы иесінің тұтамына лайық өруге тырысқан. Өрімшілікте айтылатын мына сөз осы бір ерекшелікке байланысты болуы керек:

- Ассалаумагалейкүм (1-тұтам)
- Әлікассалам! (2-тұтам)
- Жол болсын! (3-тұтам)
- Әлей болсын! (4-тұтам)
- Қайда барасың? (5-тұтам)
- Тобылғы сайға барамын. (6-тұтам)
- Оған неге барасың! (7-тұтам)
- Қамшы сапқа барамын. (8-тұтам).⁴

Бұдан байқайтынымыз, «сегіз ауыз сөз» – «сегіз тұтам» – өрімшілердің ортақ өлшемі болған сияқты.

Қамшының қырғыз өрім, қырық сегіз таспа дейтін түрлері бар. Бес таспа қамшыны кей жерлерде бесқасқа деп атайдын болған. Қазіргі уақытта да ат мінетін адамдар қамшыны қастерлеп ұстап, төріне іліп қадірлей біледі. Біздің мақсатымыз ел ішінде әлі де қамшы жасайтын шеберлердің бар екенін және сол қолөнер шеберлерінің айтуы бойынша жас ұрпаққа қамшының қадірін түсіндіру.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. С. Кенжеахметұлы. Жеті қазына. З кітап. Ана тілі ЖШС Алматы 2007 ж. 36 б.
2. Д. Шоқпарұлы, Д. Дәркембайұлы. Қазақтың қолданбалы өнері. Алматы: кітап 2007 ж . 97 б.
3. Арғынбаев . Х . Қазақтың ер – тұрман жабдықтары . Алматы: Өнер, 1987 ж . 246
4. Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі энциклопедия. З том.- 416 б. 417 – 418 б.

САЛТ-ДӘСТҮРІМЗДЕГІ ҰЛТТЫҚ РУХАНИ ҚАЗЫНА-ТҰСАУ КЕСЕР

Маябасова Г.Ж.

«Отырад мемлекеттік археологиялық қорық- мұражайы» РМҚК
этнография ғылыми-зерттеу бөлімінің ғылыми қызметкери

Сұлтанова М.Ә.

«Отырад мемлекеттік археологиялық қорық- мұражайы» РМҚК
әдебиет және өнер ғылыми-зерттеу бөлімінің кіші ғылыми қызметкери

Резюме

В этой статье написано одно из традиции казахского народа обряд разрезания пут.

Summary

In this article written one of the tradition of kazakh people about rite of cutting path.

Ұлттық мәдениеттің аса бір маңызды саласы – бұл бала тәрбиесі. Баланы – өз мұрагерін, келер күннің тұтқасын тәрбиелеп шығару қай заманда болса да әуелі ата-ананың, содан соң тұтас ауылдың, тұтас қауымның тіршілік қамынан кейінгі күнделікті өмір қажеттігі, өмір зәрулігі талап еткен ең басты жұмысы болған. Салт-дәстүрлердің ұрпақ тәрбиесіндегі мәні зор. Бала тәрбиесіне байланысты әдет-ғұрыптарға дүниеге келген күнінен бері жүргізілетін тәлім-тәрбиелерінен бастап есейіп, азамат болып кеткенге дейінгі кезеңі жатады. Дәстүр бір халықтың дінін, ділін, ұлттық рухын, салт-санасын, мінездүлкін,

әдет-ғұрпын, тұрмысын, мәдениетін, тағамын, киім-кешегін, ән-күйін, биін, тағы басқасын жинау. Мысалы: шілдехана, сүйінші, балаға ат қою, бесікке салу, қырқынан шығару, тілін дамыту, тұсау кесу, атқа мінгізу, сұндегі той, тіл ашар, ұл бала мен қыз баланы отбасы болуға, шаруашылыққа, еңбекке, өмірге бейімдеу, үйлендіру, қыз ұзату т.б. Осындай тәрбиелік мәні бар салттың бірі - тұсау кесу. Кез келген әдет-ғұрып, салт-дәстүр сол халықтың дүние танымынан келіп шығады. Дүниетанымға байланысты әдет-ғұрып қалыптасады да, өмір сүру салтына айналады, яғни халқымыздың ежелгі салт-дәстүрі арқылы біз оның дүниетанымын біле аламыз.(1) Тұылғанына 5-6 ай болып, талпына бастаған сәбиді тез аяқтансын деген мақсатпен туған-туыс, қөрші-қоланды шақырып, баланың «бауырынан табақ жүгірту» ырымын өткізеді (2).

Бала қаз-қаз басып жүре бастаған кезде оның тұсауын кеседі. Тұсау кесер бұл – баланың үлкен өмірге деген алар жолдамасы, ғұмырлы жолға бастар қадамның алғашқысы. "Тұсауы кесілмеген бала сүріншек келеді" деп қазақ халқы атам заманнан ырымдаған.(3) Тұсаукесер - тойдың басыбала өміріндегі ең биік белестің бірі деп үлкен мән берген. Тұсау кесетін адамды баланың әке-шешесі таңдайды. Тұсауды ақсақалға немесе іс-қимылы ширақ әйелге не адамға кестіреді немесе беделді, іске жылдам жасы үлкен, балалы-шағалы, өнегелі адамға жүктейді. Кейбіреулер болса жақын жекжаттар мен достарының арасынан сүрінбей, ширақ жүретін, ақылды, парасатты, сыйлы адамдарын таңдайды. Бұл салт – тәй-тәй басқан баламыз абырай-беделі асқан ел азаматына тартсын, қадамы сәтті болсын, тағдырынан тайсалмай өтсін деген ниет-пейілге сүйенеді. Үркіменстан мен Қарақалпақстан қазақтарында тұсауды, көбіне әйел адам кеседі. Өйткені әйелді өнерлі, жеңіл аяқ деп есептейді. Ерте де қазақ халқында баланы қаңлы руының кемпірі аяғы астынан өткізіп алатын. Осылай етсе бала бақытты болып, ел басқаруда оған еш нәрсе бөгет болмайды деп сенген(4).

Баланың аяғына байлайтын жіпті тұсау кесетін адам дайындал алып келеді. Жіпті ақ, қара тұсті жіптен, көк шөптен немесе тоқ ішектен еркін байлауға жететіндей етіп дайындейді. Бұлардың бәрінің де өзіндік мәні бар, мәселен, «ала жіпті аттама» деген ұғымды білдірсе, яғни «ешкімге қиянат, зәбір жасама, өмір бойы таза жүр» деген мағынада айтылатын сөз. Ала арқанды қораның айналасынна керіп қоятын көне дәстүр болған. Бұл да – көне түсінік. Ала арқанды керіп қойсақ, ит-құс - бәрілер қораға шаппайды» деп түсінген. Қасымхан Бегмановтың «Этнографпен әңгіме» кітабында Жағда Бабалықұлының айтуынша: «Ертеде бабаларымыз «баланың жаны жоғары әлемнен келеді» деп ойлаған той. Бала қаз тұрып, аяғын жерге басқан кезде ортаңғы әлемге тұсті деп түсінген. Өз қатарымызға тұсті, қосылды біздің азаматымыз болды деген мағынамен тұсауын кесіп, баланың ортаға қосылғанын білдірген. Бұл туралы Шоқан Уәлихановтың жазбаларында да кездеседі. Ол: «Жоғарғы әлемде адамдар өмір сүреді. Онда да тіршілік бар. Ол жердегі адамдар белбеуді аяғына байлайды екен», - дейді. Сондай-ақ ала жіпке байланысты аңыздар да толып жатыр. Тонықөк ойма жазуларында да бұл туралы айтылған, яғни ала жіпке қатыстылардың бәрі көне түркілер дәуірінен

келе жатыр деуімізге болады. Онда «ала атты, жол тәнірі» деп жазылған»(1.1). Ал, кей жерлерде тұсауға ала жіппен қоса, қонырау тағылады. Ала жіп (тіл көзден аман болу) қорғаушы, қонырау ол баланың атақты болу үшін тағатын ырымы болған (5). Ал, Қазақ Совет энциклопедиясында тұсауды ала жіппен жасау көне шаман дініне сенуге байланысты қалыптасқан делинген(6). Сондай-ақ қазақта тоқ ішек байлықтың, тоқтықтың белгісі, бала ырысты болсын десе, ал шөппен кесу – көк ұғымына байланысты, көк шөп, көк тәнірі, көк аспан, көктей жайнап, көбейіп, қаулап өссін деген пейілі. Қазір тұсауды қайшымен кесіп жүр. Баланың келешегіне қарама-қайшылану болмасын деп, бұрындары, мүмкіндігінше, өткір саппен кескен немесе өткір пышақпен кескен екен. Жас баланың тұсауын қайшымен кесудің себебі өмірдің ағымы және қоғамның өзгеруі деп түсіндіреді. Бұл дұрыс емес. Себебі: баланың қадамын қайшылаудан бастаса, ары қарайғы өмірі де күрделеніп, кедергілері көп болатын деп білген. Көшіліктің алдында баланы ортаға қойып тұсау кесетін адам балаға әкелген сыйлықтарын беріп:

- Жүйрік бол, шауып кет! Қадамың сәтті, бақытың тәтті болсын бісміллә! – деп тұсауды кеседі. Тұсауы кесілген баланы ата-анасы немесе жақын туыстарынан екі адам екі қолтығынан демеп ұстап:

Қаз-қаз балам, қаз, балам,
Қадам бассаң мәз болам.
Қаз-қаз болып, тез басып,
Қадамыңды жаз балам!

Тұсауыңды кестік біз,
Күрмеуінді шештік біз.
Қадамыңда қаз басқан,
Құтты болсын дестік біз.

Қаз-қаз балам, жүре ғой,
Балтырыңды түре ғой,
Тай-құлың боп шаба ғой,
Шауып бәйге ала ғой!

Жүгір, жылдам, құлымын!
Желбіреп бір тұлымын.
Елгезек бол, ерінбе,
Ілгері бас, шегінбе!

Ала жіпті алайық,
Ақ әжеңде барайық.
Ержетті деп айтайық,
Шашуын жеп қайтайық, - деп жетелеп ары-бері жүргізіп мәре-сәре болады.

Тұсау кесудің де өзіндік үлгі-өнегесі және өзіндік ғылыми мәні бар. Тұсауы кесілген сәбиді сол күннен бастап үлкен-кіші бірінен соң бірі жетелеп ұдайы машиқтандырып отыратындықтан, бала тез аяқтанады (2.2). Тұсау кесетін адам шамасына қарай балаға сыйлық ретінде киімдер мен ойыншықтар әкеледі. Ал тұсауын кескен адамға баланың ата-анасыда ризашылығын білдіріп, кәдесін береді. Өлеңдер айтылып, жиналғандар тілектерін тілейді.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. К.Бегманов, «Этнографпен әңгіме», Алматы-«Дәстүр»- 2010жыл, 145-146бб.
- 2.Ағаш бесіктен жер бесікке дейін. 1-кітап. (Қазақ салт-дәстүрі және ғылыми негіздері) – Алматы: «Өнер», 2011. – 19-206б.
- 3.Жәни Асқар. «Дәстүр»журналы, «Қазактың тойы –тұнған ұлағат» - 476.
4. Арғынбаев Х.А. Қазақ отбасы. – Алматы: Қайнар-1993, - 288б.
- 5.Карутц Р. Дүнеге келу және балалық шақ // Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет тұрыптары. – Алматы, 2006. – Екінші том. – Б.128-138.)
6. Қазақ Совет энциклопедиясы, 192 б.

БІР ЖӘДІГЕР – БІР ТАРИХ

Байболов Б

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері, философия магистрі

Резюме

В этой статье рассматривается о значительном вкладе деятеля Узбекали Жанибека в казахскую историю и в развитию культуры.

Summary

This article deals with about the significant contribution of Uzbekali Zhanibekov in Kazakh history and culture development.

Қазақ тарихы мен мәдениетінің дамуына сүбелі үлес қосқан танымы мен тағылымы бөлек, бітімі елден ерекше жан, арына кір шалдырмаған дара тұлға ол — Өзбекәлі Жәнібеков. Осы бір дара есім алпысыншы жылдардан бері қазақ мәдениетінің шыңына көтеріліп ғана қоймай, сексенінші жылдардың бел ортасынан нағыз биігінен көрінді. Артына мол мұра қалдырған дара тұлғаның қазақ халқына сіңірген еңбегі өлшеусіз. Оның қаламынан туған еңбектерінде халқымыздың тұнып тұрған сан ғасырлық тарихы, мол мұраларының ізі жатыр. Оның қаламынан туған «Эхо», «Жолайрықта», «Ежелгі Отыrap», «Уақыт керуені», «Қазақ киімі», «Тағдыр тағылымы» сынды баға жетпес еңбектерімен бүгінде көзі қарақты оқырманға жақсы таныс. Ол жайлыштық ілтишатын шәкірті әрі замандасты болған Халық жазушысы Ш. Мұртаза «Елім деп туған қайсар жан... Құдай берген құдіретті күштің арқасында ол энциклопедиялық білімнің иегері еді. Ол – бірегей ұйымдастырушы, бірегей үйіткү. Ол музыканы керемет билетін. Ол – этнограф. Ол – философ. Оның халыққа сіңірген еңбегін тізбелеп шығу үшін ғана үлкен кітап жазу керек.» (1, 161-162) деп білдірген еді.

«Өзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-мұражайының қорында Жәнібеков есімімен байланысты біршама жәдігерлер бар. Ол 1978 жылдан бастап қорық-мұражай қорына өткізген Қабіржапқыш, Коңырат кілем, Шұғыла кілем, бөлме жиһазы (Асадалға ұқсас жасалған), кесене тарихы мен осы өнірдің тұрмыс-тіршілігіне, жағрафиясына қабысатын т.б. жәдігерлерді